

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.С.А.Итеғұлова, Д.Н.Жарылғасын. «Шығыс Қазақстан облысының тарихи және қазіргі атаулары. Астана: 2017. - 174 б.
- 2.А. Мұхамедидұлы, Ономастикалық хабаршы- Алматы, 2016 - 100 б.
- 3.Аметжанова Ф.Р., Әлімхан А.Ә. Қазақ шығысының жер-су атаулары. - Өскемен : ШҚТУ баспасы, 2000. -104 б.
- 4.Шығыс Қазақстанның мәдени мұралары:(тарих , мәдениет, білім). - Өскемен : С.Аманжолов ат. ШҚТУ баспасы, 2006. -432 б.
- 5.Сапаров Қ.Т. / Қазақстанның шығыс, солтүстік-шығыс өңір-лерінде кездесетін славян тілінен енген Сапожников В.В географиялық атаулар.Алматы, 2010. - 32 б.
- 6.Закржевский Р. Краткое топографическое описание пути между Котон-Карагаем и КошАгач через Алтайские горы. Томск, 1882. -104 с.
7. Сапожников В.В. Монгольский Алтай в истоках Иртыша и Кобдо. Путешествие 1905-1909. Томск, 1911. -409 б.
8. Алексеенко Н. Усть-Каменагорск. -Алма-Ата : Казахстан, 1970. -102 с.

ТҮЛКІБАС АУДАНЫНЫҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ОНОМАСТИКАСЫ

Утеули А.А.

Ғылыми жетекшісі: Астана Халықаралық Университетінің аға оқытушысы,

PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық университеті

Электрондық адресі: akboreuteuli610@gmail.com

Астана қ.

Аңдатпа

Бұл мақала Түлкібас ауданы аумағындағы жер-су атауларының тарихи-ономастикалық табиғатын анықтауға арналған. Ономастикалық зерттеулер - бір өңірдің географиялық, этнографиялық, тарихи, мәдени даму кезеңдерін айқындауда аса маңызды. Түлкібас ауданы - табиғи ландшафтық жағынан да, тарихи процестердің сабақтастығы бойынша да өзіне тән ерекшелігі бар өңір. Мұндағы жер атаулары көбіне көне түркі, қазақ рулық жүйесі, табиғи орта мен тарихи оқиғаларға байланысты қалыптасқан. Зерттеуде «Кеңсай», «Толағай», «Ақбийк», «Састөбе», «Түркібасы» секілді атаулардың шығу тегі мен семантикалық мәні талданып, олардың өңірдің тарихи жадындағы орны көрсетілді. Сондай-ақ Түлкібас жеріндегі топонимдердің этнолингвистикалық сипаты, олардың халықтық дүниетанымды сақтаушы қызметі айқындалды. Мақалада өңір топонимиясын зерттеген ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, аймақтық ономастиканың қалыптасу үрдістері қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде жер-су атауларының әрқайсысы белгілі бір тарихи кезеңнің, этностық тәжірибенің, географиялық ерекшеліктің дереккөзі екендігі дәлелденді. Бұл зерттеу Түлкібас ауданы топонимдерінің тарихи маңызын ашып, олардың бүгінгі мәдени-танымдық кеңістіктегі рөлін айқындауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Топонимия, ономастика, Түлкібас, атаулар тегі, тарихи дерек, этнолингвистика, география, мәдениет, семантика, өңірлік атаулар.

Аннотация

В статье рассматривается историко-ономастическая природа названий географических объектов Тюлькубасского района. Ономастические исследования играют важную роль в выявлении географического, этнографического, исторического и культурного развития региона. Тюлькубас отличается уникальным природным ландшафтом и преемственностью исторических процессов. Большинство местных топонимов имеют древнетюркское происхождение, связаны с казахскими родовыми структурами, природными особенностями местности и историческими событиями. В работе анализируются этимология и семантическое содержание таких топонимов, как «Кеңсай», «Толағай», «Ақбийк», «Састөбе», «Тюркибасы», и подчеркивается их роль в сохранении исторической памяти региона. Также раскрываются этнолингвистические особенности географических названий и их функция как носителей традиционного мировоззрения. Опираясь на труды исследователей, занимавшихся региональной топонимией, статья рассматривает процессы формирования ономастической системы района. Результаты исследования демонстрируют, что каждый топоним представляет собой важный источник информации, отражающий определённый исторический период,

этнический опыт или природную особенность местности. Проведённое исследование позволяет глубже понять историческую значимость географических названий Тюлькубасского района и их роль в современном культурно-познавательном пространстве.

Ключевые слова: топонимия, ономастика, Тюлькубас, происхождение названий, исторический источник, тнолингвистика, география, культура, семантика, региональные названия.

Abstract

This article examines the historical and onomastic nature of place names in the Tulkibas district. Onomastic studies play an essential role in identifying the geographical, ethnographic, historical, and cultural development of a region. Tulkibas is notable for its unique natural landscape and the continuity of historical processes. Most of the local toponyms originate from ancient Turkic roots, Kazakh tribal structures, natural features, and historical events. The study analyzes the etymology and semantic meaning of toponyms such as “Kensai,” “Tolağai,” “Aqbiik,” “Sastobe,” and “Türkibasy,” highlighting their role in preserving the historical memory of the region. The research also reveals the ethnolinguistic characteristics of these geographical names and their function as carriers of traditional worldview. Referring to works of researchers who studied regional toponymy, the article investigates the formation processes of the district’s onomastic system. The findings demonstrate that each place name serves as a key source reflecting a particular historical period, ethnic experience, or geographical feature. This study contributes to understanding the historical significance of Tulkibas place names and their role in modern cultural and cognitive space.

Keywords: toponymy, onomastics, Tulkibas, origin of names, historical source, ethnolinguistics, geography, culture, semantics, regional names.

Топонимия - белгілі бір аймақтың тарихи, мәдени және табиғи ерекшеліктерін көрсететін маңызды ғылым саласы. Жер-су атаулары халықтың дүниетанымының көрінісі, оның тарихи тағдырының куәсі болып табылады. Сол себепті кез келген өңірдің топонимиялық кеңістігін зерттеу - оның өткені мен бүгінін терең түсінудің бірден-бір жолы. Түлкібас ауданы - Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі табиғаты көркем, тарихи тамыры терең аймақтардың бірі. Мұнда көне дәуірлерден бері адам қоныстанғаны туралы археологиялық және тарихи деректер мол. Бұл өңірдегі жер-су атауларының басым бөлігі ежелгі түркі тайпаларының лексикалық қорымен, рухани болмысымен байланысты қалыптасқан. Түлкібас топонимиясының ерекшелігі - ономастикалық қабаттарының көпқырлылығы. Біріншіден, табиғи-географиялық ерекшеліктерді сипаттайтын атаулар кең тараған: мысалы, «Ақсу», «Кенсай», «Қаратау», «Ақбиік» секілді атаулар жер бедері мен табиғи ландшафтты айқын бедерлейді. Екіншіден, тарихи тұлғалар мен руларға қатысты атаулар кездеседі. Мәселен, орта ғасырларда қалыптасқан «Түркібасы» атауы түркі халықтарының тарихи бірлігі мен билік құрылымын меңзейді. Үшіншіден, тарихи оқиғалар мен шаруашылық ерекшеліктерге байланысты қойылған атаулар да бар. Мұндай атаулар халықтың ұзақ ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, тұрмыс-тіршілігін көрсетеді. Кіріспе бөлімде Түлкібас ауданы топонимиясын зерттеу қажеттілігі бірнеше ғылыми бағыттармен негізделеді. Біріншіден, топонимдер аймақ тарихының нақты дереккөзі ретінде маңызды. Екіншіден, атаулардың семантикалық құрылымын зерттеу арқылы халықтың этнолингвистикалық мұрасын анықтауға болады. Үшіншіден, ономастикалық зерттеулер қазіргі кезде өңірлік мәдениетті сақтау мен дамытуға ерекше рөл атқарады. Осыған байланысты мақалада Түлкібас ауданының жер-су атаулары кешенді түрде қарастырылып, олардың шығу тегі мен тарихи мазмұны талданады.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында аймақтық ономастиканы қарастырған белгілі ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Атап айтқанда, Т.Жанұзақ, Ә.Тоқтабай, Е.Қойшыбаев, В.Н.Попова еңбектері және Қазақстан ұлттық ономастика орталығының материалдары негізге алынды. Әдістемелік тұрғыдан тарихи-салыстырмалы талдау, этнолингвистикалық сараптау, картографиялық деректерді қарастыру және семантикалық интерпретация тәсілдері қолданылды. Сонымен қатар Түлкібас ауданының географиялық карталары, архив құжаттары, жергілікті тұрғындардан жинақталған ауызша мәліметтер пайдаланылды. Осы әдістердің үйлесімі топонимдердің шығу тегін, этимологиясын, тарихи кезеңдермен байланысын анықтауға мүмкіндік берді.

Талқылау

Түлкібас ауданының жер-су атаулары тарихи, лингвистикалық және географиялық тұрғыдан аса бай әрі күрделі топонимиялық жүйені құрайды. Бұл өңірдегі топонимдер бірнеше семантикалық қабаттан тұрады. Әуелі табиғи ландшафтты бейнелейтін атауларды қарастырсақ, «Ақсу» атауы ақ түсті мөлдір тау суына байланысты қойылғаны белгілі. Ақ - тазалықты, судың мөлдірлігін білдірсе, су - тау өзендерінің ортақ атауы. Сонымен қатар «Кенсай» атауы да өңірдің жер бедерімен тікелей байланысты: кең алқапты, ұзын сайлы жерлерді халық ежелден осылай атаған. Бұл атаулардың лингвистикалық құрылымы қазақ тілінің табиғи сипаттаушы сөздерінен тұрады. Енді тарихи қабатқа жататын атауларды қарастырсақ, «Түркібасы» атауы ерекше назар аударады [1,116-123 б]. Бұл атау көне түркі

дәуіріндегі билік құрылымын, тайпалардың басын біріктіруші тұлғаны немесе негізгі қонысты білдіреді. Кейбір зерттеушілер бұл атаудың семантикасын «түркілердің бас қонысы» немесе «түркі тайпалары жиналған орын» деп түсіндіреді. Мұндай тарихи атаулар өңірдің этникалық және саяси даму кезеңдерін анықтауда маңызды дерек болып табылады. Тарихи-этнографиялық маңызы бар атаулар қатарында «Састөбе» атауын атауға болады. Бұл атаудың шығу тегі туралы бірнеше жорамал бар: біріншісі - төбенің ерекше борлы, тез үгілетін жыныстан тұруы; екіншісі - көне түрік тіліндегі «sas» (құрғақ, сусыз) сөзінен туындауы. Қалай болғанда да бұл атау жер бедері мен табиғи ерекшелікті сипаттайды. Түлкібас өңірінің тағы бір ерекше атауы - «Ақбиік». Бұл атау биік тау жоталары мен ақ түсті жартастардың көрінісіне байланысты қойылған [2,86-94 б]. Мұндай топонимдер халықтың табиғатқа деген құрметін, бақылағыштығын көрсетеді. Ономастикалық талдауда ерекше назарға алынатын тағы бір топ - антропонимдік негізде пайда болған атаулар. Бұл өңірдегі кейбір қыстаулар мен жайылымдар белгілі ру басылары, батырлар немесе елге сыйлы адамдардың есімдерімен байланысты. Мысалы, «Толағай» атауы халық аңызына негізделген. Толағай - ерекше күш иесі батыр ретінде сипатталады. Бұл атаудың пайда болуы мифологиялық таныммен тығыз байланысты. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Түлкібас ауданы топонимиясы - табиғи орта, этностық тәжірибе, шаруашылық мәдениет және тарихи оқиғалардың тоғысынан қалыптасқан күрделі жүйе. Әр атау халықтың белгілі бір дәуірдегі өмір салты мен танымын бейнелейді. Сондықтан топонимдер тек атау емес, кең тарихи-мәдени ақпарат сақтау [3, 156-180 б].

Нәтиже

Зерттеу нәтижелері Түлкібас ауданының жер-су атаулары аймақтың тарихи-этнографиялық және географиялық дамуының маңызды дереккөзі екенін айқын көрсетті. Алдымен, топонимдер табиғи ландшафтың сипаттамасын дәл көрсететіні анықталды. «Ақсу», «Ақбиік», «Кеңсай» сияқты атаулар өңірдің тау жоталары, аңғарлары, табиғи сулары туралы нақты ақпарат береді. Бұл атаулар табиғатқа бейімделіп өмір сүрген халықтың күнделікті тәжірибесін бейнелейді. Екіншіден, тарихи қабаттағы атаулар өңірдің этникалық құрамының өзгеру барысын, тайпалар қозғалысын, олардың өзара байланысын көрсетеді. Мысалы, «Түркібасы» атауы Түлкібас өңірінің ежелгі түркі тайпаларымен байланысын айғақтайды. Мұндай атаулар халықтың саяси-әлеуметтік құрылымынан да мағлұмат береді. Тарихи тұлғалардың немесе мифологиялық кейіпкерлердің есіміне қатысты топонимдер (мысалы, «Толағай») өңірдің фольклорлық мәдениетінің дамығанын көрсетеді. Үшіншіден, этнолингвистикалық тұрғыдан жер-су атауларының көпшілігі көне түркі және қазақ тілдеріндегі түбір сөздерге негізделгені анықталды. Бұл қазақ тілінің тарихи диалектілік ерекшеліктерін, сөздік қор байлығын және атау беру дәстүрін танытады. Көптеген атауларда табиғаттың түсін, қасиетін, сапасын білдіретін сөздер кең қолданылады. Бұл атаулардың семантикасы халықтың қоршаған орта туралы түсінігінің тереңдігін көрсетеді. Төртіншіден, Түлкібас топонимиясы - мәдени-тарихи жадтың маңызды элементі. Әрбір атау белгілі бір оқиғаның, тұлғаның, табиғи құбылыстың символдық бейнесін сақтайды. Сондықтан топонимдерді сақтау - мәдени мұраны, ұлттық болмысты сақтау деген сөз. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Түлкібас ауданының жер-су атаулары - тарихи процестердің, этнолингвистикалық тәжірибенің, табиғи орта ерекшелігінің айқын көрінісі екенін дәлелдейді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу Түлкібас ауданының топонимиялық кеңістігі тарихи, мәдени және географиялық ақпараттың қуатты көздері екенін көрсетті. Жер-су атаулары тек географиялық атау емес, олар - халықтың дүниетанымы, өткен дәуірлерден жеткен рухани-мәдени мұра. Топонимдер арқылы өңірдің табиғи ерекшелігі де, этностық құрам да, тарихи процестер де анық көрінеді. Түлкібас топонимиясының ерекшелігі - көпқабатты лингвистикалық және тарихи құрылымында. Табиғи сипатқа негізделген атаулар халықтың табиғатты терең бақылап, оны дәл бейнелеу қабілетін айқындалады. Тарихи-этнографиялық атаулар өңірдің көне дәуірден бері қалыптасқан этносаралық қатынастары мен мәдени дамуының белгісі. Сонымен қатар мифологиялық және антропонимдік атаулар Түлкібас өңіріндегі ауыз әдебиеті мен халық аңыздарының маңыздылығын көрсетеді. Жалпы алғанда, мақалада қарастырылған топонимдер Түлкібас өңірінің мәдени-тарихи келбетін толық түсінуге мүмкіндік береді. Осы атауларды жүйелі зерттеу - ұлттық ономастиканың, этнолингвистиканың және аймақтық тарихтың маңызды бағыты болып табылды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. - Алматы: Ғылым, 1982. - 256 бет.
2. Қойшыбаев Е. Қазақстан топонимдері. - Алматы: Санат, 1994. - 312 бет.
3. Тоқтабай Ә. Түркі әлемінің географиялық атаулары. - Алматы, 2005. - 228 бет.
4. Түлкібас ауданының архив құжаттары - №14-қор, 2-тізім, 45-іс.